

## Кеден мақсаттарында қаржы және сыртқы экономикалық қызметті тексеруді жүргізудің тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 16 мамыр N 127-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 маусымда тіркелді. Тіркеу N 318. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001.02.15. N 50 бұйрығымен. ~V011448

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Іскерлік қызметке еркіндік беруге мемлекеттік кепілдемелерді жүзеге асыру бойынша қосымша шаралар туралы" жарлығын орындау үшін бұйырамын:

1. Қоса тіркеліп отырған Кеден мақсаттарында қаржы және сыртқы экономикалық қызметті тексеруді жүргізудің тәртібі бекітілсін.
2. Баспасөз қызметі (Мұратбаева Ә.О.) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетіне тексерілетін адамдардың есімдері мен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін көрсете отырып, жүргізілген тексерулердің саны туралы тоқсан сайын есеп беруді қамтамасыз етсін.
4. Жедел-талдау басқармасы (Жүнісов Ә.М.) ұсынылған есептер негізінде кеден органдарының жүргізген тексерулерін талдауды жүзеге асырсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті Төрағасының Орынбасары В.Д. Кирдановқа жүктелсін.
6. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік кеден  
комитетінің 1997 ж.

N \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
бекітілген

Кеден мақсаттарында қаржы және сыртқы экономикалық  
қызметті тексеруді жүргізудің тәртібі

Кеден органдарына бақылануының орындалуы жүктелген Қазақстан Республикасы заңдары мен халықаралық келісім-шарттары сақталмай отыр не толық көлемде сақталмай отыр деуге негіздер бар жағдайда кеден органдары Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін адамдардың, Қазақстан Республикасының кеден органдарына бақылануы жүктелген қызметті жүзеге асыратын кеден делдалдарының қаржы және сыртқы экономикалық қызметін тексеруді тағайындауға не өздерінің құзыреті шегінде жүргізуге құқылы.

Қазақстан Республикасының кеден органдары кеден органдарының құзыретіне жататын тексерулерді жүргізуге келісімдік негізде аудиторларды тартуға құқылы. Аудиторлық қызмет көрсетулерге кететін шығындарды тексеруді тағайындаған кеден органы өтейді.

Кеден мақсаттарында қаржы және сыртқы экономикалық қызметті тексеруді жүргізудің тәртібі туралы шешімді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті не кеден басқармасының (кеденнің) бастығы қабылдайды және арнайы өкім (1-қосымша) нысанында екі дана етіп ресімдейді. Өкім кеден органының мөрімен куәлендіріледі.

Өкімнің көшірмесі міндетті түрде тексерілетін адамның қолына тапсырылады

Адам өкімді қабылдаудан бас тартатын болса, тексерілетін адамның өкілінің қатысып отыруымен өкімді қабылдаудан бас тарту туралы акт жасалады.

Қаржы және сыртқы экономикалық қызметті тексеруді жүргізу кезінде ҚР кеден органдарының лауазымды адамдары:

кеден істеріне және Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызмет бағыттарына қатысты сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру саласындағы кез келген құжатпен (банктегін қоса алғанда) және ақпараттармен танысуға.

лауазымды адамдары мен басқа адамдардан анықтамаларды, жазбаша және ауызша түсініктемелерді алуға,

үй-жайларды мөрлеп жабуға,

егер құжаттар басқа жерде тексерілетін болса, оларды (2-қосымша) нысан

бойынша жасалатын акті арқылы алып қоюға (құжаттардың тек тексеру кезінде ғана алынып қойылуы мүмкін) құқылы.

Тексеру нәтижесінде алынған барлық ақпараттарды құпия болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлығының 16-бабына сәйкес кеден мақсаттарында ғана пайдалануға болады.

Қажет кезінде кеден органдарының лауазымды адамдары құжаттар және ақпараттармен танысу үшін орын мен уақытты тағайындай алады.

Тексеруді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды адамдарының әрекеттері қаржы және сыртқы экономикалық қызметті тексеріліп отырылған адамға заңға қайшы нұсқанды келтірмеуі тиіс.

Тексерулердің кезінде заңға қайшы шешімдердің салдарынан адамдарға және олардың мүліктеріне келтірген нұсқандары мен зияндары үшін кеден органдары республиканың заңдарымен белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

Тексеру нәтижелері тексерілетін адамға дереу хабарланады және заңдармен белгіленген тәртіппен оларға қатысты шағымдануға болады.

Кеден мақсаттарында қаржы

және сыртқы экономикалық  
қызметті тексеруді  
жүргізудің тәртібіне  
1-қосымша

Кеден мақсаттарында қаржы және сыртқы

экономикалық қызметті тексеруді жүргізу туралы  
ӨКІМ

1. \_\_\_\_\_  
(тексеру жүзеге асыратын кеден органының атауы)

2. \_\_\_\_\_

(тексерілетін адамның атауы)

3. \_\_\_\_\_

(тексерудің негізі мен мақсаты)

---

---

---

---

---

---

---

---

4. Тексеруді жүргізудің мерзімдері \_\_\_\_\_

5. Тексеруді жүргізуге өкілетті лауазымды адамдардың тегі,  
аты-жөндері

---

---

---

---

---

---

---

---

Кеден басқармасының  
(кеденнің) бастығы

Тексеруді жүргізудің тәртібіне  
2-қосымша

Қаржы және сыртқы экономикалық қызметті  
тексеру кезіндегі құжаттарды алып қою туралы

**ХАТТАМА**

---

---

---

---

---

---

---

---

\_\_\_\_\_ мақсатында мен

(құжаттарды алып қоюды жүргізген адамның тегі, аты-жөні)

---

---

---

---

\_\_\_\_\_ төмендегідей құжаттарды  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

қатысуымен \_\_\_\_\_  
(құжаттарды алып қою кезінде қатысып отырған адамдардың тегі,  
аты-жөндері, қолдары)  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ алып қоюды жүргіздім.  
Хаттамаға құжаттамаларды алып қоюды жүргізген адам лауазымы мен тегін  
аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.